

«21» қараша 2025 ж.
№ 2102 хатқа
1-қосымша

**«ШЫҒАРМАШЫЛ МҰҒАЛІМ»
қалалық конкурсын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. «Шығармашыл мұғалім» конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ережесі конкурстың мақсаты мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

1.3. Қатысушылар – жалпы орта білім беретін мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.

1.4. Өтетін уақыты: 2025 жылдың 26 желтоқсан және 2026 жылдың 7 қаңтар күні өтеді.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану арқылы тілдік дағдыларды (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) дамытуға арналған инновациялық әдіс-тәсілдерді анықтау арқылы педагогтердің шығармашылық тәжірибесін қолдау және тарату.

Міндеттері:

✓ Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ қолданудың озық тәжірибелерін көрсету, тілдік дағдыларды дамытудағы тиімді үлгілерді насихаттау.

✓ Айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын ЖИ құралдары арқылы жетілдірудің жаңа әдістерін ұсыну.

✓ Сабақтағы кері байланыс беруді жеңілдететін, оқушының оқу жетістігін дәл бағалауға мүмкіндік беретін ЖИ жүйелерін таныстыру және қолдану.

✓ Бейнеролик форматтарында жаңашыл жұмыстарды көпшілікке ұсыну, кәсіби қауымдастықта идея алмасуды қамтамасыз ету.

✓ Мұғалімдердің ЖИ құралдарын педагогикалық мақсатта сауатты, тиімді және этикалық тұрғыдан қолдану құзыреттілігін дамыту.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Конкурстың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен құрылады.

3.4. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар үш апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

3.5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың екі кезеңін бағалайды, екі кезең бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

3.6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

IV. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конкурсқа қатысу үшін 2025 жылдың 26 желтоқсанға дейін, соңғы күн 25 желтоқсан, til.mamany@gmail.com электронды поштасына осы Ереженің 1, 2-қосымшаларына сәйкес байқауға қатысу үшін Өтінім мен 1-кезең материалдарын (бейнеролик, презентация) жіберуі қажет. Уақытынан кешіктірілген Өтінім қабылданбайды.

4.2. 1-кезең: 26.12.2025 ж. онлайн жүргізіледі.

4.3. 2-кезең: 07.01.2026 ж. офлайн жүргізіледі.

V. КОНКУРСТЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

5.1. 1-кезең. «Жасанды интеллект: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиет» пәндерін оқытудағы рөлі мен мүмкіндіктері» кезеңі жасанды интеллект бағдарламасын тіл сабақтарында қолданудың инновациялық тәсілдерін дамытуға арналған. ЖИ арқылы білім беру үдерісін жетілдіру және тиімділігін арттыру бойынша төменде берілген бағыттардың бірін таңдап, тілдік дағдыларды ЖИ арқылы дамыту, қалыптастыру әдіс-тәсілдерін өз іс-тәжірибесіне сүйене отырып, бейнеролик түсіреді. Бейнеролик 2-қосымшаға сәйкес түсірілуі қажет.

Мақсаты: жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қолдану арқылы айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын жетілдіру әдіс-тәсілдерімен бөлісу және тәжірибе алмасу.

5.2. Бағыттары:

1. Айтылым дағдыларын жетілдіруге бағытталған жасанды интеллект құралдары;
2. Жазылым дағдыларын жетілдіруге бағытталған жасанды интеллект құралдары;
3. Оқылым дағдыларын жетілдіруге бағытталған жасанды интеллект құралдары;
4. Тыңдалым дағдыларын жетілдіруге бағытталған жасанды интеллект құралдары

5.3. 1-кезең тәртібі:

- ✓ таңдалған бағытқа сәйкес ЖИ құралын нақты сабақ үлгісінде көрсету;
- ✓ ЖИ қолданудың практикалық тиімділігін дәлелдейтін мысал келтіру;
- ✓ тілдік дағдының қалай дамитынын айқын көрсету (жұмыс барысы → нәтиже);
- ✓ бейнероликте автордың дауысы, түсіндіруі болуы;
- ✓ академиялық этиканы сақтау (шынайы, өз тәжірибесінен, авторлық жұмысы);
- ✓ берілген бағыттардың бірін таңдайды (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым);
- ✓ таңдалған бағыт бойынша өз жұмысының тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айқындайды;
- ✓ тәжірибесіне сүйене отырып, 3 минуттық бейнеролик түсіреді.

5.4. Бағалау критерийлері:

1. ЖИ құралын таңдау дәлдігі және тілдік дағдыға сәйкестігі;
2. инновациялық әдіс-тәсілдің жаңашылдығы;
3. практикалық тиімділік (нәтиже, дәлелдер);
4. бейнеролик құрылымы, тілдік сауаттылығы;
5. автордың кәсіби тұжырымдары;
6. бейнероликтің техникалық талаптары;
7. мазмұнына қойылатын талап

Ескерту: Бағалау критерий бойынша 70 пайыздан жоғары алған қатысушы екінші кезеңге өтеді.

5.4. 2-кезең: «Жасанды интеллект: Рефлексия. Кері байланыс. Бағалауды тиімді ұйымдастыру» шеберлік сынып кезеңінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану арқылы қазақ тілі сабақтарында оқушыларға тиімді, сапалы кері байланыс беру, білім жетістіктерін жүйелі бағалау әдістерін дамыту және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді насихаттау шеберлік сынып форматында жүзеге асырылады. Жасанды интеллект негізінде сабақтағы кері байланысты жақсартуға арналған жаңа әдістерді анықтау, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға арналған автоматтандырылған кері байланыс жүйелерін қолдану, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың тілдік білімін бағалаудың (ҚБ) жаңа тиімді тәсілдерін ұсыну.

5.5. 2-кезең тәртібі:

- ✓ төменде көрсетілген бағыттардың бірін таңдайды;
- ✓ өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, ЖИ қолданудың тиімділігін практикалық мысалдар арқылы көрсетеді;
- ✓ тиімді бағалау түріне арналған нұсқаулық-әдістеме әзірлейді (таңдаған бағыт бойынша өз іс-тәжірибесін брошюра түрінде басып әкеледі және электронды нұсқасын, жұмысын қорғау үшін 5-7 слайдтан аспайтын презентация дайындап, 2-кезең материалдарын 6 қаңтарға дейін көрсетілген электронды поштаға жолдайды);
- ✓ әр қатысушыға 10 минут уақыт беріледі.

5.6. Бағыттары:

1-бағыт: «ЖИ бағалауды қалай жеңілдетеді?»

Бағалауды автоматтандыру, уақытты үнемдеу, тексеруді оңайлату.

2-бағыт: «ЖИ оқушының оқу жетістігін қалай жақсартыды?»

Жеке траектория, даралау, оқу қарқынын реттеу, жеке ұсыныстар беру.

3-бағыт: «ЖИ кері байланысты қалай автоматты түрде береді?»

Автоматты кері байланыс, жедел фидбек, қателерді нақты көрсету және түзету ұсыныстары.

5.7. Бағалау критерийлері:

1. Мазмұнның өзектілігі (тақырыптың конкурс бағыттарына сәйкестігі, өтініште/жоба жұмысында ЖИ-дің нақты қолданылуы, мәселенің дәл анықталуы және ұсынылған шешімнің тиімділігі)

2. ЖИ қолдану сапасы (ЖИ құралдарын дұрыс таңдауы, құралдардың функционалын нақты көрсетуі (бағалау, жеке траектория, автоматты кері байланыс т.б.), технологиялық негізділігі, демонстрациясының болуы)

3. Практикалық тиімділігі (мұғалім жұмысын жеңілдету деңгейі, уақытты үнемдеу, бағалаудың әділдігі, автоматтандырудың нақты пайдасы, оқушының оқу нәтижесін жақсарту дәлелдері (мысал, ситуация, скрин, алгоритм))

4. Кері байланыстың сапасы (ЖИ берген фидбектің нақтылығы, жеделдігі, оқушыға түсініктілігі және әрекетке бағыттауы, мұғалім үшін қолдану ыңғайлылығы)

5. Презентация мәдениеті (материалдың сауатты құрылуы, тілдік сауат, стиль, көрнекілік, дизайн, уақытты сақтау)

6. Шеберлік сынып өткізу тәртібіне сай болуы (3-қосымшаға сәйкес)

7. 4-қосымшаға сай өз іс-тәжірибесіне сүйене отырып нұсқаулық не әдістеме жазуы.

VI. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Қорғаған өз жұмысын көпшілікке тарату, ғаламторға орналастыру, шығармашылық жобаларға қосу, БАҚ-та жариялау құқығын береді.

6.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта

мекенжайлары);

- суретін (фотосуреттері және басқа да жеке мәліметтерін) пайдалануға және өңдеуге;

- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

VII. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

7.1. Конкурстың қорытындысы 2026 жылдың 20 қаңтар күніне дейін орталық сайтына жарияланады.

7.2. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды (бас жүлде, 1, 2, 3 орын) анықтайды.

7.3. Конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаздар Бас жүлде, 1, 2, 3 дәрежелі Дипломымен марапатталады, қатысушыларға қатысқандығы туралы Сертификат беріледі. Марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

7.4. Конкурстың нәтижелері байқау аяқталған соң, күнтізбелік 10 күн ішінде орталықтың сайтында <https://astana-modern.kz> орналастырылады.

Анықтама телефоны: +7 775 1178221 (Жанар Сейтахметқызы, орталық әдіскері)

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға 0000 мектеп
директоры 000000000000

**«Шығармашыл ұстаз» қалалық конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

Төменде берілген мәлімет бойынша 0000000000000000 конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қатысатын педагог туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Еңбек өтілі	
4	Білім беру ұйымының атауы	
5	Электронды мекенжайы	
6	Байланыс телефоны	
7	Файлдың атауы	

Қосымша: мектеп мөрі және директордың қолымен бекітілген Сұранысты PDF форматында және Microsoft Word түріндегі құжатты да бірге жіберуді сұраймыз.

Бейнероликтің техникалық талаптары

1. Көрініс және жарықтандыру:
 - Бейнеролик түсіру кезінде жарықтандыру дұрыс болуы керек.
 - Тұрақты және айқын көрініс болуы үшін камераның фокусын дұрыс орнату керек.
2. Дыбыс сапасы:
 - Аудиторияның бейнероликті тыңдап түсінуі үшін дыбыстың сапасы жоғары болуы тиіс.
 - Арнайы микрофон қолдану ұсынылады, себебі камераның микрофоны жеткіліксіз болуы мүмкін.
3. Редакциялау (монтаж):
 - Бейнероликті монтаждағанда артық көріністерді алып тастау, қажетті ақпаратты нақты көрсету маңызды.
 - Қажет болса, бейнероликке презентациямен қоса график, субтитрлер, анимация қосуға болады.

Мазмұнына қойылатын талаптар

1. Тақырыптың ашылуы:
 - Жасанды интеллекттің тілдік дағдыларды қалыптастырудағы маңызы мен қолданылуын нақты түсіндіріп, нақты мысалдар арқылы көрсету қажет.
 - Тіл үйретудегі ЖИ құралдарының тиімділігі, оның оқушыларға қалай көмек көрсетуі туралы толық ақпарат беру керек.
2. Қысқаша әрі анық сөйлеу:
 - Бейнероликте сөйлеу жылдамдығы орташа болуы тиіс. Тілдік құрылымдар, терминология және идеялар қарапайым және түсінікті түрде жеткізілуі керек.
3. Интерактивті элементтер мен мысалдар:
 - Қажет болса, бейнероликте ЖИ құралдары немесе платформалармен әрекет ету көрсетуге болады.
4. Көрнекі материалдар:
 - Графика, диаграммалар, иллюстрациялар, бейнемазмұнды толықтыратын визуалдық элементтер қолданылуы керек.
 - Мысалға, жасанды интеллекттің жұмыс істеу принциптерін көрсету үшін анимация немесе схемалар пайдаланылуы мүмкін.

ШЕБЕРЛІК СЫНЫП ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

- сөйлеу және дауыс ырғағы (тон, күш, экспрессивтілік, дикция, интонация, сөйлеу техникасы) талапқа сай болуы;
- бет әлпеті, қимыл, эмоцияны басқару, беттегі эмоционалды күйді оқуы, аудиторияны сезінуі;
- пантомимика (поза, тұру, отыру, қатысушылардың мінез-құлқын) бақылау мүмкіндігі;
- әңгіме тақырыбына назар (мнемотехника, аутогендік жаттығулар) аудару білуі;
- қарым-қатынас өнері: психологиялық-педагогикалық зейін қабілеті, эмпатия;
- педагогикалық импровизация: жоспар бойынша жұмыс істей білу, жеке тәжірибені тарту, жоспарланбаған жағдайларды басқару;
- психологиялық қырағылық, үлгерімі төмен оқушыларды қолдау;
- коммуникативті мәдениет, диалог, пікірталас жүргізу қабілеті;
- уақытты тиімді қолдануы (7 минут).

«Шығармашыл педагог» конкурсына қатысушыларға арналған әдістемелік-нұсқаулық жазу үлгісі

1. Мақсатын анықтау

Қатысушы өз педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында:

- бағалауды автоматтандыруды, уақытты үнемдеуді көрсету;
- оқушының оқу жетістігін көтеру жолдарын сипаттау;
- кері байланысты автоматты түрде берудің тиімді әдістерін ұсыну;
- сабақтағы практикалық үлгілер мен әдістемелік тәсілдерді көрсету; толық нұсқаулық немесе әдістеме әзірлейді.

2. Жазу тәртібі мен құрылымы

2.1. Жалпы талаптар

1. Нұсқаулық немесе әдістеме қатысушының өз тәжірибесіне негізделуі керек.
2. Бағыттардың бірін таңдайды:
3. ЖИ қолдану әдістерін нақты көрсетіп, практикалық мысалдармен дәлелдеу қажет.
4. Нұсқаулық А5 парағымен 100 беттен кем болмауы тиіс, брошюра түрінде басып әкелінуі керек. Электронды нұсқасы көрсетілген поштаға белгіленген мерзімде жіберіледі.

2.2. Міндетті бөлімдер

1. Кіріспе – тақырыптың өзектілігі, мақсаты, қысқаша сипаттамасы
2. Таңдалған бағытты сипаттау – қатысушы өз таңдаған бағытын түсіндіреді
3. Қолданылатын ЖИ құралдары – атауы, функциясы, сабақта қолдану мысалы
4. Сабақ үлгісі – нақты сабақ, тапсырмалар, ЖИ қолдану кезеңдері, нәтижелер
5. Артықшылықтары мен тиімділігі – сабақтағы практикалық пайдасы
6. Шектеулері мен сақтық шаралары – ЖИ қателіктерін бақылау, деректер қауіпсіздігі
7. Қорытынды / ұсыныстар – тәжірибелік қорытындылар, болашаққа ұсыныстар
8. Қосымша материалдар – скриншоттар, кестелер, диаграммалар, QR-кодтар, әдебиеттер

2.3. Ұсынылатын стиль мен пішім

- Сөздік стиль – ресми, түсінікті, қысқа сөйлемдер
- Нөмірленген бөлімдер мен тармақтар
- Кестелер, диаграммалар, скриншоттар міндетті
- Мәтіндік файл (Word немесе PDF) + басып шығару брошюрасы